

● ПРЕЗИДЕНТ

ЕЛБАСЫ БОКСШЫНЫ ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Геннадий Головкинге WBA, IBO және WBC тұжырымдары бойынша кәсіпқойлар арасындағы бокстан Әлем чемпионы атағын қорғауына байланысты құттықтау жеделхатын жолдады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлайды.

Жеделхатта Мартин Мюрреймен жекпе-жектегі жеңіс мақсаткерліктің, қажырлы еңбек пен жоғары шеберліктің кезекті жемісі екені айтылған. Мемлекет басшысының атап өткеніндей, Г.Головкин осы қасиетінің арқасында планетадағы ең мықты боксшылардың бірі деген атаққа лайықты екенін дәлелдеді.

«Қазақстандықтар сенің әрбір табысыңа қуанады. Біз сенің келесі жекпе-жектерің де отандық спорттың мәртебесін асырып, бұдан да жоғары деңгейге көтеретініне, өскелең ұрпаққа үлгі болатынына сенімдіміз», – делінген жеделхатта.

Соңында Елбасы қазақстандық боксшыға мықты денсаулық және жаңа жеңістер тіледі.

● ҮКІМЕТ

БИЗНЕСКЕ КЕДЕРГІ ҚЫСҚАРАДЫ

Үкімет үйінде ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев кәсіпкерлік қызметін реттеу мәселелері бойынша ведомствоаралық комиссияның кезекті отырысын өткізді, деп хабарлады Үкіметтің баспасөз қызметі.

Ведомствоаралық комиссия жұмысына ҚР Парламентінің депутаттары, орталық мемлекеттік органдардың, Ұлттық банктің және Ұлттық кәсіпкерлік палатасының басшылары қатысты.

Күн тәртібінде Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес рұқсат беру құжаттарын 50 пайызға қысқарту арқылы бизнеске әкімшілік кедергілерді азайту мәселелері талқыланды.

«Атап айтқанда, Сарапшылық топтың ИМ, Мәдениет және спорт, Білім және ғылым министрлігі, Ұлттық банк және басқа да мемлекеттік органдардың рұқсатнамаларды қысқарту және оңайлату жөніндегі ұсыныстары қаралып, мақұлданды. Барлығы 367 рұқсатнама қысқартуға ұсынылды, бұл олардың жалпы санының 52 пайызын құрайды», – делінген хабарламада.

Отырыс қорытындысын шығара отырып, Бақытжан Сағынтаев Президент алға қойған міндеттерді жүзеге асырудың маңызын атап көрсетті, сондай-ақ бірқатар тиісті тапсырмалар берді.

АССАМБЛЕЯ БАСТАМАСЫН ҚОЛДАДЫ

Қазақстан автомобиль бизнесі қауымдастығы Қазақстан халқы Ассамблеясының кезектен тыс президенттік сайлау өткізу бастамасына орай қазақстандықтарға Үндеу жолдады. Үндеу мәтінін «Агроماش» холдингі сауда үйінің директоры Серік Әкімұратов жария етті.

«Қазақстан автомобиль бизнесі қауымдастығы ағымдағы жылы Президент сайлауын өткізуді қолдайды. Қауымдастығымыздың қызметі Қазақстандағы өркениетті автоарықты құруға және автоөнеркәсіптік саланы дамытуға бағытталған. Бүгінгі күні автомобиль саласы қалыптастырылды және дамуың жаңа кезеңге бастау алуда» делінген Үндеуде.

Сонымен қатар, еліміздегі автомобиль бизнесі қауымдастығы барлық мемлекеттік бағдарламалар саланың тұрақты дамуына бағытталғанын, Қазақстан Елбасы саясатының арқасында бүгінгі күні барлық әлемдік қауымдастыққа танылғанын атап өтеді.

«Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасын қолдау тұрақтылық пен еліміздің одан арғы әлеуметтік-экономикалық дамуының кепілі болатындығына сенеміз», – дейді Қазақстан автомобиль бизнесі қауымдастығының өкілдері.

ТУҒЫРЫМЫЗДЫ БИІКТЕТЕ ТҮСЕДІ

Қазақстан халқы Ассамблеясының елімізде кезектен тыс президенттік сайлау өткізу жөніндегі ұсынысы дер кезінде жасалған ұсыныс деп ойлаймын. Қазір дүниежүзінде қаржылық дағдарыс белең алып, жер-жерде жұмыссыздар қатары көбейді.

Біздің елде жағдай қалыпты деп айтуға негіз бар. Солай бола тұрғанымен Қазақстан жаһандық экономиканың бір бөлігі ретінде әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыстың салмағын сезінуде. Оған қарсы нақты даму жоспары Елбасының өткен жылдың соңында бүкіл елге жолдаған «Нұрлы жол» бағдарламасы екендігі айдан анық. Сондай-ақ елімізде ауқымды «Қазақстан-2050» стратегиясы, индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы жүзеге асырылып жатқаны да көңілге демеу бола алады. Демек, ел алдында жақсы басталған істі алға апару, аяғына дейін жеткізу мақсаты тұр. Сондықтан қоғамды көп құтқирмей сайлау циклынан өтіп алу маңызды іс деп санаймын.

Бұл барша халықтың және барлық мемлекеттік органдардың, Үкімет пен Парламенттің дағдарысқа қарсы шараларды іске асыруға жұмылуы үшін шешуші шарт болмақ. Халық қашанда шешуші кезеңде бір мақсатқа топтаса біліп, кез келген сын-қатерлерге бір адамдай қарсы тұрды. Бұл жолы да солай болары хақ. Президенттік сайлауды биылғы жылы өткізудің маңызы айрықша. Талай қиындықты, бастан өткерген қазақ халқы бұл сындарлы сәттен де сүрінбей өтетініне сенім көміл.

Бақыт КЕНБАЕВ,
ауыл шаруашылығы ғылымының
докторы, профессор.

КЕДЕНДІК ОДАҚ СТАНДАРТЫНА САЙ БОЛУ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НАРЫҚҚА ЖОЛ АШАДЫ

Бейсенбі күні облыс әкімлігінде Кедендік одақ техникалық регламенттері және стандарттарын енгізуге қатысты семинар өтті. Кәсіпкерлердің басын қосқан шараның ұйымдастырылуына Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты мен облыстық индустриалды-инновациялық басқармасы ұйытқы болды.

Кедендік одақ өз жұмысын бастағалы стандарттау саласына да талай өзгерістер әкелді. Техникалық регламент ұғымы өмірімізге енді. Техникалық регламенттер өнімдер мен қызметтердің қауіпсіздігін қамтыса, стандарттар сол өнімдер мен қызметтерді бірдейлендіруге көмектеседі.

Жиында Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қызылорда облысы бойынша департамент бөлімінің басшысы Әуелбек Қамзаев аймақта сынақ зертханаларын ашу туралы мәселе көтерді.

– Осы күнге дейін Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімімен Кеден одағы аясында 35 техникалық регламент қабылданып, күшіне енген. Алайда, облыс аумағында сынақ базаларының болмауынан тұтынушыларға сатылып жатқан 9 түрлі тауардың, атап айтқанда, пиротехникалық, жеке қорғану, балалар мен жасөспірімдерге арналған өнімдер, төменгі вольтті құрал-жабдықтар, газ отынымен жұмыс істелетін аппараттар, маши-

налар, лифтілер және басқа да құралдар қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша техникалық регламенттің талаптарына сәйкес келмейді. Облыс көлемінде 15 сынақ зертхана мен орталық тіркелген, оның төртеуі уақытша жұмыстарын тоқтатқан. Тіпті, зертханаларда тауарларды сынақтан өткізетін тиісті құрал-жабдықтар да жеткіліксіз болғандықтан техникалық регламентте көрсетілген барлық қауіпсіздік көрсеткіші анықталмай отыр. Сондықтан облыстағы сынақ базаларын модернизациялау, қайта жабдықтау және жетілдіру қажет, – деді Ә.Қамзаев.

Осыған байланысты Әуелбек Шәдібекұлы жергілікті кәсіпкерлерді аймақта жетіспей тұрған сынақ зертханаларын ашуға және оның жолдарын қарастыруға шақырды.

Ал Қазақстан стандарттау және сертификаттау институтының облыстық филиалының директоры Гүлнәз Жақсыбекқызы кәсіпкерлердің өз тауарлары мен өнімдерін стандарттауға мемлекет қол ұшын созып отырғанын жеткізді.

Жақында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев барлық сауда желілерінде отандық тауарлар секциясы пайда болу үшін “Қазақстанда жасалған” акциясын қолға алу қажеттігін тапсырған болатын. Сонымен бірге барша азаматтарға осы күрделі жағдайда патриот болып, қазақстандық өнімді сатып алуға ерекше көңіл бөлу қажеттігін де жеткізді.

Үкіметтің кеңейтілген отырысында әлемді жайлаған дағдарыстың келтіріп жатқан ауыртпалығы күрделі екендігіне назар аударылды. Ал оның зарлабы алдымен қарапайым халыққа тиеді. Осындай ауыр жағдайды болдырмау үшін әрі біздің елдің қандай қиындыққа болмасын төтеп беруін қамтамасыз ету жолдары нақты түрде талдап көрсетілді. Соның бастысы, елімізде отандық тауарларды өндіруге баса көңіл бөліп, оны өзіміздің сатып алуымыздың қажеттігіне де тоқталды.

Шүкір дегіміз, әлемді шарлаған

● ДҮБІРЛІ ДҮНИЕ

“ҚАРА АЛТЫН” БАҒАСЫ алаңдаушылық туғызуын тоқтатар емес



Қара алтын ұғымы барша таныс. Әрине, ол мұнай. Ал енді қара алтынға балаған мұнайдың қандай құдіреті бар десеңізші. Біріншіден, жер бетінде адамзат ойлап шығарған барлық техника оған тәуелді. Мұнайдан алынатын бензин болмаса ұшағын ұшпай, көлігің жүрмей тоқтап қалады. Техникаға тәуелденген тіршіліктің онда күні қараң дей беріңіз. Екіншіден, көп жылдардың шамасы болды, мұнай жер жүзіндегі саясат пен экономиканың басты реттеуші тетігіне айналып кетті. Міне, бүгінгі таңда мұнай бағасының өзгеруі басты және алаңдаушылық тудырып отырған тақырып болып отырғаны жасырын емес.

Әлемдегі мұнай бағасы соңғы бес жарым жылда шарықтау шегіне жеткенше түсті. Brent маркасы арзандап, баррелі 46,72 долларды құрады, сөйтіп сауда-саттықтағы құны 46,7 долларға бағаланды. Ал, WTI маркалы қара алтын бағасы төмендеп, нәтижесінде баррелі бар болғаны 45,43 долларға саудаланды. Міне, бұл көрсеткіш 2009 жылдың наурызынан бергі әлемдік мұнай бағасының

Инфляция. 2014 жылдың қорытындысы бойынша республикада инфляция 7,4 пайыз деңгейінде қалыптасты. 2013 жылы – 4,8 пайыз. ҚР Статистика агенттігінің ресми мәліметтеріне сәйкес Қызылорда облысы бойынша жылдық инфляция 6,7 пайыз деңгейінде қалыптасты. (2013 ж. – 5,4 пайыз). Оның ішінде азық-түлік тауарлары бағасының индексі 106,2 пайыз (2013 ж. – 103,7 пайыз), азық-түлік емес тауарлары – 108,1 пайыз (2013ж. – 103,7) ақылы қызметтер – 105,9 пайызды (2013 ж. – 110,2) құрады.

Банктердегі депозиттер. 2015 жылдың 01.01 деңгейінде облыстың банк жүйесіндегі депозиттердің жалпы көлемі 2013 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11,2 пайызға 65088,7 млн теңгеге дейін өсті. Оның ішінде ұлттық валютала 44,7 пайызға 23931,3 млн теңгеге дейін азайды, ал шетел валютасындағы депозиттер көлемі 2,7 есеге 41157,4 млн. теңгеге дейін өсті. (теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 73,9 пайыздан 36,8 пайызға дейін төмендеді). Жеке тұлғалардың депозиттері 15,6 пайызға өсіп, 40259,2 млн. теңгені құрады, заңды

АЙМАҚТАҒЫ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ ЖАҒДАЙЫ

тұлғалардың депозиттері 4,6 пайызға өсіп, 24829,5 млн. теңгені құрады.

Экономикаға берген банктердің несиелері. 01. 01. 2015 ж. деңгейіне банктердің экономиканы несиелеуінің жалпы көлемі 119289,7 млн теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 4,8 пайызға ұлғайды (2013 жылғы өсім 28,9 пайыз).

Банктер бойынша несиелендірудің басым бөлігі ұлттық валютала: теңгедегі несиелендіру көлемі 3,6 пайызға 117874,1 млн. теңгеге, шетел валютасында 25,9 есеге 1415,6 млн. теңгеге дейін өсті. Теңгедегі несиелердің үлес салмағы жыл ішінде 99,9 пайыздан 98,8 пайызға төмендеді.

Валюта нарығы. 2015 жылдың 1 қаңтарында Қызылорда облысы аумағында 63 айырбас пункттері, оның ішінде 50 – уәкілетті банктердің, 13 уәкілетті ұйымдардың айырбас пункттері тіркелген.

2014 жылдың 12 айында облыс халқы 353996 мың АҚШ долларын

кажетті өнімдерді шығара бастады.

Атап айтқанда, аталмыш жоба 500 млн теңгені құрады. Оның іске асырылуымен 25-ке жуық адам жұмыспен қамтылды. Негізгі өндіріс орны жылына екі мыңға тоннаға жуық өнім шығармақшы. Соның ішінде кәсіпорын алты түрлі химиялық реагенттер шығарады. Өндірілетін осы химиялық реагенттер мұнай құбырларының шіруі мен коррозияға ұшырауын әрі қажетті түрде төмендетіп, құбырлардың пайдалану мерзімін ұзартады. Бір баса айтатыны, серіктестіктің өнімін жергілікті жердің өнім өндірушілері сатып алуға. Солардың қатарында “СНПС Айдан мұнай” АҚ мен “ПетроҚазақстан Құмкөл Ресурсиз” АҚ, басқа да ірі мұнай компаниялары да бар. Енді серіктестік өз өнімін ел аумағындағы осындай компанияларға шығарып сатууды да көздеп отыр.

Жалпы серіктестік өткен жылдың он бір айында 1738,2 тонна химиялық реагенттерді өндіріп шығарды. Бұл жоспардағы қуаттылықтың 119,8 пайызға орындалғанын көрсетеді. Өнім өндірудегі өз мүмкіндігін есепке алған серіктестік өзінің қуаттылық жағдайын алдағы уақытта мұнан да арттыра түсуді жоспарлауда. Сөйтіп, отандық өнім отандық мазмұн алып отыр.

Айгали ҚАРАБАЛАЕВ.

ең құнсызданған сәті. Бірқатар сарапшылар осы соңғы көрсеткіштерді есепке ала отырып, мұнай бағасының құлдырауы өзінің төменгі шегіне дейін жетті деп есептейді. Өйткені, бағаның бұлайша құлдырауы әлемнің мұнайлы елдерінің экономикалары көтере алмайтындай шамаға жетіп отыр. Демек, олар енді мұнай өндіруді азайтады да, баға қайтадан жоғары өрлей бастайды. Әрине, бұл – болжам. Шын мәнінде, баға құлдырауы бұдан әрі де жалғаса бере ме, жоқ әлде осымен тоқтап, баға қайтадан көтеріле бастай ма, әлде осы құлдыраған шегінде тоқтап қала ма, мұны ешкім деп басып айта алмайды. Өйткені әлем барған сайын күрделеніп барады. Әлемнің алпауыт елдері арасында тектірес күшейіп отыр. Түрлі саяси ойындар етек алуға. Экономикаға саясаттың араласуы күшеюде. Сондықтан таза экономикалық тұрғыдан жасалынған болжамдарға сеніп болмайтындай да шекке жеттік.

Мұнай бағасының төмендеуі сарапшылар пікірінше экономикасы мұнайға тәуелді кейбір мемлекеттердің геосаяси жағдайын тым қиындатып жіберген жайы бар. Олардың қатарында Венесуэла, Нигерия және Тауа Шығыстың бірқатар елдері аталады. Мәселен, Венесуэла соңғы бірнеше жылда өзінің валюталық қорын тез азайтты. Мемлекет дефолттың аяғана алдында тұр, әлеуметтік төлемдерді төлеудегі тұрақсыздық ел тұрғындардың қатты наразылығын тудыруы мүмкін.

2-бет



Биыл елімізде айтулы мерекелер Ұлы Жеңістің 70 жылдығы, Қазақстан Конституциясы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы аталып өтеді.

Қазақстан – көпұлтты ел болғандықтан татулықты, қоғамдағы саяси тұрақтылық пен толеранттық қатынасты қалыптастыруда Қазақстан халқы Ассамблеясы игілікті жұмыстар жүргізіп келеді. Тәуелсіздік жылдарында санамызға ен-

коғамда да бар. Халықтың даналығы, ел басқарудың өнері осы үрдістерді белгілі мәмілеге келтіріп, үйлесім, жарасым таптыруда. Толеранттылық, келісім тарихтың мәңгілік сыйы емес. Себебі күнделікті дамудан туып отыратын қайшылықтар біржола шешілмейді. Ол ешкімге бұра тартпай, шынайы жанашырлықпен, халықпен ақылдаса отырып шешімін табуды талап етеді.

Өзара төзімділік, бөтенді шеттетеу, толеранттық мінез таныту мәселесі XVI ғасырда Еуропада діни қозғалыстар мен діни жіктерге байланысты туған. Лютеран, протестант пен католиктерді бір-бірін жатсынбауға арналған декреттер, заңдар қабылданып, бөтен діндерді қудалауға, үстемдік жүргізуге тыйым салынған. Бірте-бірте діни конфессиялардың біржасты төзімділігі өзара діни төзімділікке, діни салт-жораларды еркін атқаруға, діни сенім еркіндігіне негізделе бастаған. Бөтен дінге рұқсат беруден оны сыылдауға, адамның діни сенім құқының маңызды тірегі ретінде мой-

наным-сеніміне бұйрық, зорлық жүрмейді. Гельвеций тағынан кеткен корольдің: “Үйімде 30-дан астам сағат бар, бірақ солардың бірін дәлме-дәл бір уақытты көрсететін екі сағат жоқ. Қалайша мен дін мәселесінде барлық адамдар бірдей ойласын деп мәжбүрлегенмін? Қандай ақымдық, қандай астамшылық!” деп өзін өзі сөгip, кеш болса да менменшіл патшаның өкінгенін айтады.

«Толеранттық» атауы халықаралық термин сөз болғанымен, мағынасы қазақтың төл сөзі — кәдімгі төзімділік дегеннің баламасы. Ол қарапайым тұрмыста көршінің көршіге деген төзімділігінен бастап, кең ауқымда мәдениеттер арасындағы, діни конфессиялар, ұлттар, ұлыстар, тілдер арасындағы өзара төзімділікті, ымыраласуды білдіреді. Ең бастысы — қазақтың төзімділігінде шек жоқ екенін ешкім жоққа шығара алмас.

«Толеранттық» жөнi бөлек, айтқанға көнетiн, айдауға жүретiн сынай бiлдiрер емес. Қазiргi кезде бұл термин әрқалы алынып жүр.

Демек, бодан халықтың толеранттылығы және мемлекет құраушы ұлттың толеранттылығы болды. Екеуінің миссиясы бір-бірінен бөлектеу болды деп айтуға болады. Ал енді бодан халықтың толеранттылығы шектен шығып кетсе, ездікке апарады. Керісінше, мемлекет құраушы ұлттың толеранттылығы шектен шығып кетпесе, онда ол басқа ұлттарды, этносты біріктіруші факторы саналды. Барлық нәрсенің заңмен реттелгені дұрыс. Толерантты екенбіз деп, мемлекеттік, ұлттық мүддеге қайшы келетін шекарадан өтіп кетпеу керек. Мұны салт-дәстүрімізден бұрын, заң реттейді. Тіп, дін, ұлтаралық қатынаста толеранттылық қарастырылуы керек. Мұхтар Өұезовтің «төзімділік жаксы қасиет, бірақ өмір бойы төзуге болмайды» деген сөзі бар. Толеранттылықты заңмен реттеу, құқықтық негізін анықтау керек. Бұл мәселеде алдымен зиялы қауым өкілдері, сосын билік күш салуы тиіс.

Ұлттық толеранттылық біздің тарихи-мәдени кеңістігімізде қоғамды топтастыратын белгілі фактор болып отыр. Екінші жағынан, толеранттылық барлық мәселені шешіп тастайды деуге тағы болмайды. Бұл бір сегменттік актуалды таңудың, ұлтаралық қатынастарды, саяси тұрақтылықты реттеудің маңызды факторы. Біздің пайымдауымызша, толеранттылық саяси тұрақтылықтан, қоғамдық келісімнен, әлеуметтік түсінілушіктен, елді басқаратын қатынастан, татулықтан, ұлтаралық келісімнен және саяси этикалық-діни мәдени толеранттылықтан тұрады. Міне, осы құндылықтардың барлығы бірігіп, мемлекеттің тұрақты дамуын және рухани-мәдени келбетін қамтамасыз етеді. Сондықтан толеранттылықты осы контексте қараған дұрыс.

Қазақстандағы толеранттылық ата-бабамыздан, дәстүрімізден келе жатқан құбылыс. Біз басқа ұлттарды, этномәдениетті жатсынбайтын анық этнос ретінде қалыптастық. Бәрімізге мәлім, Еуропаның саяси тәжірибесі көрсеткеніндей, мұлтымәдениет саясаты айырып берген жоқ. Олар да бұл ретте саяси дағдарыстарға ұшырады. Франция, Германия, Испаниядағы жергілікті халық белгілі дәрежеде өз мемлекеттеріне өкпелі.

Елімізде төзімділікті сақтау саясатының өзіндік мақсаты болу керек. Нақты саясатта маңызды мақсаттар жүзеге асырылып, еліміздегі барша ұлттар мен ұлыстарды қазақ ұлттығын маңына топтастыру жұмыстарына көңіл бөлінуі қажет. Қоғамдық дамуда толеранттылық, төзімділік үлкен роль атқарады.

Мұстафа МАТАЕВ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры, академик,
Баймырза ҚОЖАМБЕРДИЕВ,
«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының кафедра меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, профессор.

Бірде «төзімділік», келесіде «шыдамдылық», кей уақытта «құстамдылық» деген сияқты әркім ойына оралған сөзбен таңбалап келеді. Сонда «выносливость», «терпеливость», «сдержанность» болып шығады. Жасындай түседі, бірақ жуықтамайды, терминдік жүгін тарта алмайды. Әлгіңде айттық, Бошай ағамыздың әдісіне салып, тілімізді бұраған едік, онымыздан да ештеңе өнебеді. Ақыры қақ келгенде, қазақтың аса бір биязы ренкте айтылатын «тағаттылық» деген сөзі ойымызға орала берді. Дыбысталуы, үндесуі жағынан да, мағыналық жанасымы жағынан да жақын тұр. «Толерантность» терминімен қатар айтылғанда да жақсы әсер қалдырады.

Енді француздардың «мотив» сөзіне оралсақ, мұнда да біраз сөздерді, синонимдерді саралаған едік. Ынта, ықылас, пейіл, ниет, қысқасы, ыңдығна дейін біраз сөздер ойға оралды, арнаулы сөздіктерден ұшырасты. Дәл мағынасымен беретін, қолданысқа еніп кетеді-ау дейтіндей сөз ілікпеді. Сондықтан мәтіп дегенге тоқталғанымыз жөн сияқты.

Біз толеранттылық ұғымын қалай түсінеміз? Жалпы, бұл ұғымының маңыздылығы, мәні қандай? Жас ұрпақты толеранттылыққа қалай тәрбиелейміз және толеранттылықтың шегі неде? Қазақты толеранттылық пен отансүйгіштік және патристникалық ортадағы мәдениет пен тілдік әрауандылыққа қандай баға беруге болады?

Толеранттылық түсінігіне қазықтың сабырлылық ұғымы дәл келеді деп ойлаймыз. Қазақ «Сабыр түбі – сары алтын» дейді ғой. Толеранттылық қай халық тарапынан болу керек? Мәселен, кешегі кеңестік Қазақстанда біздің толеранттылығымыздан бұрын, мемлекет құраушы ұлттың толеранттылығы шешуші рөл атқар-

тын асық» бағдарламасы бойынша 5627 бас қой сатып алынды. Ал, жылқы шаруашылығындағы «Құлан» бағдарламасы орнына 613 бас жылқы сатып алынды.

Облыс тұрғындарын негізгі азық-түлік өнімдерімен қолжетпей бағада тұрақты қамтамасыз ету мақсатында 60 жәрмеңке өткізіліп, барлығы 266,4 мың тегенің өнімдері базар бағасынан 15-20 пайызға төмен сатылды. Сонымен қатар, әлеуметтік маңызды бар азық-түлік тапшылығын болдырмау мақсатында өнрілік тұрақтандыру қоры тиімді жұмыс жасауда.

Халықты маусымаралық кезеңде азық-түлік және көкөніс, жеміс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін 592,5 млн теңге қаржыға 6220 мың тонна азық-түлік өнімдерін сатып алуға шешім қабылданды. Сонымен бірге, тұрақтандыру қорын толықтыру мақсатында жергілікті бюджеттен 180 млн теңге қаржы бөлініп, бұл қаражатқа 62 тонна ақталған күріш, 340 тонна қант, 50 тонна құс еті сатып алынды.

Айта кетейік, үстіміздегі жылы ауыл шаруашылығы саласында құны 6945 млн теңгенің 9 инвестициялық жобасы жүзеге асырылатын болады. Сондай-ақ, «АгроЭкоПродукт» ЖШС Қызылорда қаласында 5,7 гектар көлемдегі өндірістік жылжымай құрылысын жүргізіп және «Жан-Арай» ЖШС Қызылорда қаласында қуаттылығы сағатына 12 тонналық күрші ондеу зауытын іске қосуды 2015 жылға жоспарлануда. Сонымен қатар, қазықтың ақбас және әуілекелі сыыр тұқымдарын көбейтіп, «Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін дамыту» жобасын жандандырады.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.



● БРИФИНГ

АСЫРАУШЫ САЛАНЫҢ АЛДАҒЫ МІНДЕТІ



Сыр елі – ежелден ауыл шаруашылығы дамыған өлке. Асыраушы сала өсіресе егін мен малға басымдық береді. Әлеуметтік-экономикалық өсуімен ауыл шаруашылығында ауыз толтырып айтарлықтай тың өзгерістер бар. Жұырда облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Талғат Бекішев «Сыр Медиа» серіктестігінің коммуникациялар орталығында БАҚ өкілдеріне арнап баспасөз мәслихатын өткізді. Онда ауылшаруашылық саласының жетістіктері мен атқарылған шаруаларына кеңінен тоқталды.

Быттыр ауыл шаруашылығы саласын қолдауға жергілікті бюджеттен 8,1 млрд теңге бөлініп, өткен жылмен салыстырғанда 47 пайызға артқан. Өткен жылы барлық ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемі 158,4 мың гектарды

құрды. Олардан 371 мың тонна дәнді дақылдар жиналып алдыңғы жылмен салыстырғанда 32,7 мың тоннаға артты. Жыл көлемінде шаруашылықтарға 204 ауыл шаруашылығы техникалары сатып алынды.

«Агроөнеркәсіп кешінен дамыту-2020» Жол картасы бекітіліп, облыстың агроөнеркәсіп кешінен саласын дамытудың басым бағыттары айқындалды. Бірінші кезекте әртарапталдыру үшін шаруашылықтарға қаржылай ынталандыру мақсатында күршістен басқа дақылдардың әр гектарына төленетін субсидиялар нормасы айтарлықтай жоғарылатылып, АШБ, аудан, қала әкімдігі және шаруашылықтар арасында үш жақты меморандумдар жасалды.

Быттыр фермерлік шаруашылық ұйымдастыру үшін 1700 бас сыыр сатып алу жоспарланған болатын, 50 шаруашылық 421 млн теңге несие алып, 2364 бас сыыр алынып, жоспар 139,1%-ға орындалды. Сонымен қатар, 139 бас ет бағытындағы асыл тұқымды қазықтың ақбас және әуілекелі тұқымдарының бұқалары алынды.

Облыс бойынша қуаттылығы 1650 басты құрайтын 18 мал бордақшылау алаңы жұмыс жасауда. Репродуктор шаруашылық ұйымдастыру мақсатында 2 шаруа қожалығы өз қаржысына 220 бас асыл тұқымды ет бағытындағы «Қазықтың ақбас» сыпырын сатып алды.

Қой шаруашылығы дамыту мақсатында «Ал-

КЕЙІНГІ ТОЛҚЫННЫҢ КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ

немесе мемлекеттік жастар саясаты туралы

Жастар – қоғамның стратегиялық ресурсы. Қазіргі заман жастары арасында қошбасшылар көп. Олар қоғамды жаңалыққа үндейді және салауатты өмір салтын насихаттайды. Жаңа технологияларды тез меңгеріп, қолдануға қабілетті. Қоғамның қолайлы дамуына өз әсерін тигізеді.

2015 жылғы 9 ақпандағы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына сәйкес жастық шекарасы 14 пен 29-дың аралығы болып белгіленген. Бұл көрсеткіш бойынша Сыр халқының 27,5 %-дан астамын жастар құрайды.

Заңның негізгі мақсаты – мемлекеттік жастар саясатының жаңа форматын қалыптастыру. Осы ретте жақын арада қабылданған Заңның тиімділігі мен өзектілігіне тоқталғым келеді. Онда мемлекеттік органдардың жастар саясаты саласындағы құзыреті нақты бекітіліп, алғаш рет «Қазақстан Жастары» Ұлттық баяндамасы түсінігі енгізіліп отыр. Ұлттық баяндама жыл сайын ел Үкіметі арқылы Елбасы Н.Ә.Назарбаевқа ұсынылады. Негізгі мақсаты – жастардың өзекті мәселелерін анықтап, оның шешу жолдарын табу. Әрбір бәсеңді жас жастар саясатын жетілдіру жөніндегі ұсыныстары мен бастамаларын жеткізе алады. Ұлттық баяндаманы әзірлеу кезінде ешқайсысы ескерусіз қалмайды.

Республикамыздың барлық өңірінде мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда институционалды жүйе қалыптасып келеді. Барлық деңгейдегі әкімдердің жанында Жастар саясаты жөніндегі кеңестер жұмыс жасайды. Кеңес құрамында облыстық мәслихат депутаттары, мемлекеттік мекеме басшылары, жастар ұйымдарының өкілдері бар.

Мемлекетіміздің тұрақты даму үдерісіндегі шарттардың бірегейі – өскелең жас ұрпақты білікті, білімді, тәрбиелі, бәсекеге қабілетті азамат етіп қалыптастыру. Осы мақсатта «Болашақ» бағдарламасы, «Дипломмен – ауылға!», «Жастар тәжірибесі», «Серпін-2050», «Жастар кадрлық резерві» жобалары жүзеге асырылуда.

2014 жылы «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы аясында 585 маман көтерме жәрдемақы алып, 442 маманға тұрғын үй алу немесе салу үшін несие берілді. Ағымдағы жылы аталған бағдарлама аясында жоспар бойынша облыс көлемінде көтерме жәрдемақы алуға 442 маманды тарту, тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін 359 маманға төмендетілген пайызбен несие беру жоспарланып отыр.

Республикалық «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» жобасы нәтижесінде өңіріміздің 358 түлегі жоғары оқу орындарында, 420 түлегі техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінде грант негізінде білім алады.

Өткен жылы республика бойынша алғашқылардың бірі болып өңірімізде жастар саясатын дамыту бойынша 2014-2015 жылдарға арналған «Жол картасы» бекітілді. Соған сәйкес өңірімізде жаңа бастамалар мен жастарға бағытталған түрлі бағыттағы әлеуметтік жобалар жүзеге асырылды. Атап айтқанда, облыс әкімдігі тарапынан қоғамдық істерге белсене араласып жүрген түрлі санаттағы жастарды және әр саланың үздік жастарын ынталандыру мақсатында жыл сайын облыс әкімінің облыс жастарына арналған «Сыр үміті» сыйлығын беру дәстүрге айналды.

«Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңда көрсетілген мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттарының бірі – «Қолжетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту» бойынша аймақтың қажеттілігіне орай 2013-2014 оқу жылдарында техникалық және кәсіптік білім беру бағытында 22 жаңа мамандық қолданысқа енгізілді. Осы ретте Беларусь республикасында қызылордалық 115 инженер-педагог біліктілігін арттырып келді.

2013 жылы тұрмысы төмен отбасынан шыққан 123 оқушыға, 2014 жылы 240 оқушыға (232 бақалар, 8 магистр) облыс әкімінің гранты тағайындалып, бүгінде олар еліміздің үздік оқу орындарында білім алады. Сондай-ақ екіжақты келісім бойынша 107 мектеп бітіруші Ресей Федерациясының гранты есебінен Мәскеу қаласындағы Ұлттық технологиялық зерттеу, Санкт-Петербург мемлекеттік

полимерлі технологиялық университеттерінің грант иегері атанды.

Сыр жастары өңір басшысы Қырымбек Көшербаевтың халық алдындағы есепті кездесуінде биыл да мектеп бітірушілердің Мәскеудің К.А.Тимирязев атындағы Ресей мемлекеттік аграрлық университеті, Мәскеу мемлекеттік құрылыс университеті, И.М.Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университеті сынды оқу орындарында грант негізінде білім алу мәселесі бойынша келіссөздердің жүргізіліп жатқанынан хабардар болды. Бұл – өз кезегінде жастарымыздың ғылыми-техникалық әлеуетін дамытудың таптырмас жолы.

Жұмысқа орналасу мен жұмыспен қамту үшін жастарға жағдай жасау – мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттарының бірі. Сол бойынша биыл «Жасыл ел» еңбек жасағына 1000 сарбаз, құрылыс және жасағына 300-ден астам жас, педагогикалық еңбек жасағына 40 жас тартылады. Бұл бағытта өткен жылы «Жасыл ел» еңбек жасағының қызметін дамыту мақсатында облыстық бюджеттен бөлінетін қаржы көлемі ұлғайып, 1010 жас маусымдық жұмыспен қамтылған болатын. Жастар құрылыс жасағына 281 жас тартылып, оның 28-і тұрақты жұмысқа орналасты. Педагогикалық жасақ құрамында 40 жас тәлімгер еңбек етті.

Биыл жастарды жұмыспен қамтуға мүмкіндік тудыру мақсатында «Жастарды қолдау орталығы» МКМ арқылы жастарға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар бойынша көпшілік кеңес беру шаралары ұйымдастырылуда. Шара жыл бойы жалғасатын.

Өткен жылы облыс әкімі жанындағы жастар саясаты жөніндегі кеңес отырысында жастар ұйымдары экстремалды спортпен айналысатын жастарға арнап әлеуметтік парк салу туралы ұсыныс көтерді. Нәтижесінде аймақ басшысы Қырымбек Көшербаевтың қолдауымен облыс орталығында бюджеттен тыс қаржы көздерінен әлеуметтік парк салынып, бүгінде ол жастардың бос уақытын тиімді өткізетін алаңына айналды.

Сонымен қатар Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдардың бірі – жас отбасы. Бұл – ерлі-зайыптылардың екеуі де жиырма тоғыз жасқа толмаған ата-ананың біреуі тәрбиелейтін толық емес отбасы. Биыл мемлекеттік әлеуметтік тапсырысқа сәйкес «Жастарға және жас отбасыларға әлеуметтік-психологиялық, құқықтық кеңес беруі қолдау бойынша ресурстық орталық қызметін ұйымдастыру» әлеуметтік жобасын жүзеге асыру жоспарланды.

Арамызда мүмкіндігі шектеулі жастар да бар. Оларды қоғам өміріне араластыру мақсатында өткен жылы арнайы әлеуметтік қызмет ұйымдастырылды. Соның аясында мүмкіндігі шектеулі жастардың «Өн бізді біріктіреді» атты республикалық шығармашылық фестивалі өтті.

Жаңа Заңда кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның құзыреті нақтыланып, жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай жасау мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыты ретінде қарастырылып отыр. Биыл «Қызылорда облысында жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту бойынша 2015-2016 жылдарға арналған Жол картасы» бекітіліп, жүзеге асырыла бастады.

Өңірімізде жастар саясатын дамыту бойынша 2014-2015 жылдарға арналған «Жол картасы» аясында ағымдағы жылы әртүрлі санаттағы жастарға бағытталған 16 әлеуметтік жобаны жүзеге асыру жоспарланды.

Елбасының «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында көрсетілгендей, Қазақ хандығының 550 жылдығы, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы, Қазақстан Республикасы Конституциясының және Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай жастар және жастар ұйымдарымен бірлескен іс-шаралар өткізу жоспарла бар.

Жастардың өзекті қажеттіліктері мен қызығушылық принциптері жастар саясатының негізі болуы тиіс.

Еркебұлан МЕНДІБАЕВ,
облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары.

“ҚАРА АЛТЫН” БАҒАСЫ

алаңдаушылық туғызуды тоқтатар емес

Нигериядағы мұнай ұрлығы проблемасы және әртүрлі диверсиялардың болуы салдарынан, ел билігі террористік «Боко Харам» тобымен ұзаққа созылған соғыс жүргізуде. Мұнай бағасының төмендеуі елдің осы бір радикалды ұйыммен күрес жүргізуге қор таба алмайтындай жағдайға жеткізді мүмкін.

Ирак араб республикасының премьер-министрі Хайдер әл-Абади мұнайдың әлемдік бағасы түсуінен кейін өз елінің экономикасы «апатты» жағдайда қалып қойғанын айтты. Ол сондай-ақ мұнай бағасына байланысты қалыптастып отырған ахуалдың «Ислам мемлекеті» экстремистік тобына қарсы күреске кері әсер етуі мүмкін екенін еске алды.

«Мұнайдың бағасы өткен жылдың осы мерзіміне қарағанда, шамамен 40 пайызға түсіп кетті. Ирак экономикасы мен бюджетінің 85 пайызын мұнай құрайды. Сондықтан мынадай жағдай біз үшін нағыз апатты әкеліп отыр», — деді әл-Абади Лондонда өткен «Ислам мемлекетімен» күрес коалициясы мүшелерінің кездесуінен кейін.

Жалпы саясатшылардың бір бөлігі мұнай өндіретін бірқатар елдердегі геосаяси тұрақсыздық жасау бұл әлемдегі лділерлік орнын сақтап қалуға мақат тұтқан АҚШ мемлекетінің әрекеті деп есептейді. «Мұнай бағасы кәзір әлемдік үстемдікке ие болғасы келген Қытай мен АҚШ арасындағы күресіп бір құралы іспеттес» дейді ресейлік сарапшылар.

Қара алтын өндірісімен ғана жан бағытын мемлекеттер бөріктерін аспанға атты деуге болар соңғы күндері. Өйткені, 60 пайызға арзандап кеткен мұнай бағасы едәуір өсті. Бренд барреліне 62 доллардан саудалануда. Ал осыдан шамалы уақыт қана

бұрын, бұл көрсеткіш үлкен апат әкелетіндей болып көрініп еді. Өткен жылдың маусым айында баррелі 115 болған мұнай әуелі 100, одан кейін 90, іле-шала 80 доллар болып арзандағанда экономикалық сарапшылар «бұл бағаның ең төменгі құлдырау шегі болады, бұдан жағдайды мұнайлы елдер экономикасы көтере алмайды» деп сәуегейлік жасап еді. Енді, міне, 62 доллар қуанып отырған жағдайы бар.

Мұнай бағасы ең бір болжауы қиын факторлардың бірі. Ешбір сарапшы ұзақ мерзім тұрмақ, тіпті алдағы үш айда баға қай деңгейге шығатынын айтып бере алмайды. Оған бір себеп, кәзіргі күнде әлем барған сайын құрделеніп барады. Алпауыт елдер арасында текетіретестер аз емес, шешімші таппаған түрлі саяси жағдайлар да мұнай бағасының саясиаланауына ықпал етіп отырғанын жоққа шығармайды. Солай бола тұрса да амаз жоқ саланы мамандарының сөзіне құлақ салмай тұра алмайсың.

Ал ОПЕК-тегі Кувейт өкілі Мұхаммед аш-Шатталадағы бес жылда мұнайдың бір баррелінің бағасы 100 долларға дейін қымбаттамайтынын айтты. Сондай-ақ, аш-Шатт мұнай нарығындағы жағдай тұрақталмағанын, ал 2016 жылға деген болжамды ағымдағы жылдың екінші жартысында жасауға болатынын алға тартқан. Сонымен бірге Кувейт өкілі мұнай бағасының құлдырауына ОПЕК құрамына кірмейтін елдер кінәлі екенін айтыпты. Мұндай пікірді бұған дейін ОПЕК-тің бас хатшысы Абдулла әл-Балри де айтқан болатын. Ол төмен қарай құлдыраған мұнайдың бағасы таяу арада шарықтайтынын айтып сендіргісі келеді. Оның пайымдауынша, алдағы 3-4 жылда қара алтынның бір баррелі 200 долларға дейін көтеріледі. Себебі, кәзір

мұнай қоры өте көп. Бірте-бірте бұл салаға қызғыштылық білдірушілер саны 2008 жылдағыдай азаюы мүмкін. Салдарынан оны өндіруге бөлінетін қаржы да қысқарады. «Бұл мұнай тапшылығын тудырып, сәйкессізін, қара алтынға деген сураныс қайта ұлғаяды», деген әл-Балри. Қалай болғанда да, бүкіл әлем көз тігіп отырған мұнай бағасы бүгінгідей мүшкіл халінен төмендемейтін сияқты. Ал оның қаншалықты қымбаттайтынын нақты ешкім айта алар емес. Бәрі де тек болжамдар ғана.

Алайда, қара алтынның құнысыздануынан қатты қорыққан әлемдегі ірі мұнай компаниялары бүгінгі күнге дейін 100 мыңнан астам қызметкерін жұмыстан босатқан. Тағы 15 мыңнан астам мұнайшы кезекте тұрған көрінеді. Ал, жаппай қысқартуға бүгінгі баға босінің қалай әсер етері әзірге беймәлім. Американдық Swift «Worldwide Resources рекрутинг» компаниясының бас директоры Тобиас Рид жұмыстан босатудың негізгі үлесі АҚШ мұнай секторына тиесілі және негізінен сланец мұнайын өндіру жобаларын қозғайды, деп атап өтті. Сондай-ақ мұндай қысқартулар Шотландияның, Австралияның және Бразилияның бірқатар ірі жобаларын да қамтыды. «ВР» және «Royal Dutch Shell» ірі мұнай компанияларының басшылары шығындарын 40 млрд доллардан астам сомаға қысқартатынын жариялады және мұнай нарығындағы жағдай түзелмесе, бұдан да көбірек қысқартуларға баратынын мәлімдеді.

Иә, мұнайды бар елдің құдайы бар деп саналады. Алайда, бүгінгі күні олардың өзіне қиын соғып тұрған жайы бар.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

**Қызылорда облыстық
мәслихатының хатшысы
А. Әлназарова.**

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

[illegible]

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

лерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға жерге құқығын куәландыратын құжаттарын рәсімдеп беру

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

здерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

Жарамсыз деп есептелсін

аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз есептелсін.

отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында жауынгерлердің рухын оятып, патриотты әндер шығарған қазақтың қайсар қызы, КСРО-ның халық артисі Роза Бағланованың

әндер айтады.

Ал Роза Бағланова тетелес бауыры Ыдырыс Ұлы Отан соғысына аттанады. «Кеткеннен кейін бір-ақ рет хат келді де ол

Рабиға Гафурқызы есімді татар қызына үйленеді – Қ.З.) сол өңірден Түркіменстанға көшкен. Есін біліп, он-солын танымаған кішкентай Маратты өзімен бірге жыраққа

атасы. Демек, Марат Тәжібаев Роза апамыздың інісі Ыдырыстан туылған бауыры болып шығады. Бір өкініштісі, өзге ұлттың ортасында өскенін Мараттың тегі өзгеріске ұшыраған-ды. Негізінде «Шампоз» емес, «Шаккөз» болуы керек. Ал өзінің туған әкесі Ыдырыс туралы хабары жоқ. Жакында Марат

Марат Тәжібаев Қайырбай ағамызға «Ах, Самара-городок» әнін және оны құйқылжыта шырқайтын әншінің дауысы құлағында жатталғанын айтыпты, бірақ оның өзінің әпкесі Роза Бағланова екенін осы күнге дейін білмеген. Тағдырдың жазуы солай болған-ды. Өкініштісі сол, рухани һәм тарихи тамырынан жастайынан ажырап қалған Маратты бүгінде ресейлік сайттар татар ұлтынан шыққан атакты қылқалам шеберлерінің қатарына жатқызып жүр. Бірақ... «Ол өзінің қазақ екенін біледі және туған топырағы – Қазалы жерін көргісі келеді. Тек соның ретін таппай жүр екен», – деген Қайырбай Зәкіров Бағланованың бауыры көп кешікпей Сыр бойына келуі мүмкін екенін айтты.

P.S. Роза Тәжібайқызы есте-лігінде (інім әлі де келіп қала ма деген үміт үзілер емес...) деген еді. Солай үміті үзілместен дүниеден озып кетті. «Егер інісі Ыдырыстан тұқым қалғанын білсе, Роза апамыздың қуанышында шек

Жұттығым

Шиелі ауданы, Н.Бексезанов ауылы, №156 Н.Бексезанов атындағы қазақ орта мектебінің директоры Әбжәл Сейтжанұлына!

Құрметті Әбжәл ағай! Сізді 63 жасқа толған туған күніңізбен және зейнеткерлікке шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге деген ортаймас құрметіміз, Ұзақ болсын бейнеттен зейнетіңіз. Біздер үшін өнеге әр ісіңіз, Кір шалмаған кіршіксіз келбетіңіз. Шәкірттерді жетелеп биіктерге, Жанына шуақ, нұрды құйып берген. Бар табысқа жеттіңіз еңбекпенен, Сол арқылы атандың сүйікті елге. Кісілік пен кішілік сенен көрем, Кез бар ма еңбегіңіз еленбеген.



Жүз жасаңыз, жаны жаз – жақсы ағамыз,

Алла берген абыройдан

төмендемей. Ізгі ниетпен, №156 Н.Бексезанов атындағы қазақ орта мектебі ұжымы.

ҚЫЛМЫС

ПӘТЕР ТОНАУШЫЛАР ҚОЛҒА ТҮСТІ

Полиция қызметкерлері қылмыстың ізін суытпай пәтер ұрлығына қатысы бар деген күдікпен Арал ауданының 1987 жылғы және Қызылорда қаласының 1993 жылғы тұрғындары ұстап, оларға қатысты қылмыстық іс қозғалды.

Облыстық ішкі істер департаменті баспасөз қызметінің хабарлауынша, үстіміздегі жылдың 6 ақпанында Қызылорда қаласы, Арай мөлтек ауданы тұрғынының пәтер ұрлығы бойынша арыздануымен Қызылорда ҚІБ қызметкерлері оқиға орнына дереу жетті. Онда ұрлық дерегі анықталып, пәтерден 2 дана құндыз бас киім, 1 дана ноутбук қолды болғаны тіркелді.

Ұсталған азаматтардың басқа да қылмыстарға қатыстылығын анықтау мақсатында желеп іс-шаралар жүргізілді. Күдіктілер қантар айының 14-і күні Қызылорда қаласының орталығында орналасқан үйлердің бірінде дәл осындай сұғанақтық жасаған. Ол үйден алтын, ғауһар тас бұйымдарын, бағалы тонын, сейфтен 1 мың АҚШ доллары мен 70 мың теңгесін қолды еткен. Аталған деректер бойынша ҚР ҚК-нің 188-бабының 4-бөлігімен қылмыстық іс қозғалып, күдіктілер Қызылорда ҚІБ-ның уақытша ұстау абақтысына қамауға алынды.

Қазіргі таңда тергеу барысында ұсталған тұлғаның бұдан бөлек 8 ұрлық қылмыстарына қатысы бар екендігі анықталды. Бұл ұрлық қылмыстарына қатысы бар деген күдікпен тағы бір сыбайласы – 1992 жылғы Арал ауданының тұрғыны ұсталып, ҚІБ-ның уақытша ұстау изоляторына қамалды. Тексеру барысында айғақ заттар тәркіленді.

Ә.ТҰРСЫНБЕКҰЛЫ.

СЫҚАҚ БҰРЫШЫ

ШОРТЫ КИГЕН ШАЛДАР

Қазір кәрі шалдарға да, Жағдай бопты қалыпты. Жастары жетпіске келгендер де, Шорты киіп алыпты.

Бұларға не болған деп, Көргенде таң қаласын. Киюін олар кигенмен, Ұялуын сен ұяласың.

ҚОЛДАЙТЫН ІС ПЕН ҚОЛДАМАЙТЫН ІС

Әке-шешесіне құран оқытады, Мұнысы қолдайтын іс. Сосын бәрі жиналып арақ ішеді, Ал енді бұл қолдауға болмайтын іс.

ҚОС ДИПЛОМДЫ «МАМАН»

Сырттан екі оқу бітірген, Қос дипломды маман. Бірінші сыныптың есебін, Шығара алмайды. Сол жағы сәл-пәл жаман. Нарық заманында, Дипломды сатып алғандар жетеді, Ставкасын төлесе, Қызметке тұрып та кетеді.

МЫҚТЫ ЖЕҢГЕЙ

Бұл күндегі жандардан жеңген мықты, Бір тойдағы жігіттің бәрін жықты. – Палуан ба? – Жок-ә, сол үйдегі арақты тауысып шықты, Кей еркектер сияқты құлаған жоқ, Мас әйелдер сияқты жылаған жоқ.

ТУЫСТАН БАНК ЖАҚЫН

Астанадағы туысым, Жағдайды телефонмен, Бір жылда бір мәрте сұрады. Ал несие берген банк, Несиенді төле деп, Күнде звондап тұрады. Бұл заманда апырау, Туыстан гөрі халыққа, Банк бір табан жақын-ау.

Нұрлыбай ТАУБАЕВ, зейнеткер. Қармақшы ауданы.

«СҮЙЕМІН СЕНІ, СЫР ЕЛІ!»

атты шығармашылық кеш өтеді

А.Токмағамбетов атындағы қалалық Мәдениет үйінде 27 ақпан күні сағат 17.00-де Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының қауымдастық профессоры, өнер ордасының оқытушысы, есімі елімізге белгілі күйші, Төлепберген Токжановтың «Сүйемін сені, Сыр елі!» атты шығармашылық кеші өтеді.

Төлепберген Токжанов – Сыр өңірінің күйшілік дәстүрін жүйелеп жинап, талмай зерттеп жүрген санаулы кәсіпқой музыка мамандарының бірі. Туған жердің төл перзенті ұзақ жылдардан бері халық арасында ұмыт болып бара жатқан жыр-күйлер мен көне жыр аулық мақамдарды, бағзыдан жеткен күйлердің тарихын зерделеп, жиырмаға жуық ғылыми еңбек мен арнайы оқу құралдарын жазған ғалым. Сыр өңірінің ән-күйлері мен кисса-дастандарының мақам-саздарын жинап қана қоймай, осы құнды қазынаны нота жазбасына түсірген белгілі өнер зерттеушісінің домбыраны да талмай насихаттап жүргені қуантады.

Т.Токжанов атындағы байқау биыл бірінші рет ұйымдастырылып отыр. Домбырашылар сайысы 26 ақпанда Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінде өткізіледі.

Ал, А.Токмағамбетов атындағы Мәдениет үйінде өтетін «Сүйемін сені, Сыр елі» атты шығармашылық кешке Тұрмағанбет атындағы ұлт-аспаптар оркестрінің бас дирижері әрі көркемдік жетекшісі, ҚР Мәдениет қайраткері Кеулімжай Ботабаев, Гүлдірі Ізбанова, Батыс Қазақстан облысының Дәулеткерей атындағы ұлт-аспаптар оркестрінің бас дирижері әрі көркемдік жетекшісі, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, ҚР Композиторлар одағының мүшесі Еркін



Нұрымбетов, ҚР Еңбек сіңірген қайраткерлері Қатимолла Бердіғалиев (Орал), Еркін Шүкіманов (Алматы), «Ұлытау» және «Јадо» топтары, халықаралық ән байқауларының жүлдегерлері Саламат Әбүтәліпов (Астана), Ұқтай Ерназаров (Астана), Махаббат пен Жанмұхамед Тоғжановтар (Алматы), Бақытжан Найманов (Қызылорда) және тағы да басқа талантты өнерпаздар қатысады.

Ендеше, қазақтың төріндегі қара домбыраны күллі әлемге тыңдасақ деген ізгі ниетпен жүрген өнер жанашырының кешінен қалып қоймаңыздар, қадірлі ағайын!

Дәуіржан Е.ЛУБАЕВ.

«ҚАЙСАР» «КУБАНЬМЕН» ОЙНАДЫ

Қызылорданың «Қайсар» Түркияда кезекті жолдастық-бақылау кездесуін өткізді. Бұл жолы жерлестерімізге Ресей Премьер-лигасының азулы клубтарының бірі – Краснодардары «Кубань» клубы қарсылас атанды.

«Қайсар» – «Кубань» (Краснодар, Ресей) 1:2 Голдар: Юрий Пирошка – Каретник, Бальде. Краснодарлық команданың бас бапкері Леонид Кучук секілді оның қайсарлық әріптесі Дмитрий Огай да негізгі құрамға кіл мықтыларын шығарды.

ШАРШЫ АЛАҢДА ШЕБЕРЛЕР

Кеше, облыс орталығындағы «Евразия» спорт кешенінде «Қазақ хандығының 550 жылдығына» арналған Қазақстанның мықты боксшылар арасындағы турнирі жаулауын көтерді.

Дүбірлі долаға республиканың барлық аймағынан 166 былғары қолғап шеберлері өнерлерін көрсететін болады. Турнирдің ашылу салтанатында облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Садық Мұстафаев және Бейжан Олимпиадасының чемпионы, ҚР бокс федерациясының үйлестірушісі Бақыт Сәрсекбаев қатысушыларға сәттілік тіледі. Алты күнге созы-

да із-түзсіз, хабар-ошарсыз кетті. Талай рет іздеу салып, жер-жерге хат жазсам да ешбір дерек болмады. Жалғыз інімнің сол бір хатын әлі күнге дейін көзімнің қарашығындай сақтап келемін. Әлі де келіп қала ма деген үміт үзілер емес...» – деген еді өзінің естелігінде Роза Тәжібайқызы.

Қайырбай Зәкіровтің айтуынша, әншінің жастық шағы Өзбекстанда өтті және майдан даласына да сонда жүргенде аттанған. «Сондықтан інісінің әскерге аттанардан бұрынғы күндерінен және оның отбасынан хабарсыз болуы мүмкін», – дейді.

Өткен жылы Марат Тәжібаев деген ресейлік суретші Қазақстанға келіп, Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясының студенттері мен магистранттарына шеберлік дәрістерін өткізіп, арнайы қонақ болды. Сонда онымен жолығудың сәті түсті. Бұл суретшінің сырттай білуші едім. Түркімен досым атақты суретші Шихлуди Оралов «Ашхабадта училищеді қазақ жігітпен бірге оқыдым, кейін Ленинградқа арман қуып барғанбыз», – деп айтып отыратын. Қандас болғасын Мараттың өткен өмірі мені қатты қызықтырды. Ол тек Қазалы қаласында туылғанын біледі екен. Анасы Рабиға Гафурқызы соғыс басталған тұста (Біліміше, Ыдырыс ер жеткесін



алып кеткен. «Қазалы» деген сөзден басқа бар білері: фамилиясы – «Тажібаев», тегі – «Шампоз», – дейді Қайырбай Зәкіров.

Суретші осыдан кейін тағы да ізденіп, мән-жайға қаныға түседі.

– Роза Бағланованың Тәжібайқызы екенін білеміз. Енді мына қызықты қараңыз. Қазалы маңында Шаккөз деген ауыл және «Шаккөз тауы» деген жота бар. Ол сол жерде жаулардымен соғысып келе жатқанда сол жак шекесіне садақтың жебесі тиіп, жантасілім берген. Оның шын аты – Теке батыр екен, ал халық көзі шаққынды тұратындықтан «Шаккөз» деп атап кеткен. Осы Шаккөз – Тәжібайдың әкесі, Роза мен Ыдырыстың

Керек дерек Марат Тәжібаев 1940 жылы Қазалы қаласында туылған. 1960 жылы Ашхабад қаласындағы Ш.Руставели атындағы Ленинград училищесін бітірген. Ал 1969 жылы В.И.Мухина атындағы Ленинград жоғары көркем-өндірістік училищесін (Санкт-Петербург мемлекеттік көркем-өндірістік академиясы) тәмамдайды. Оның туындылары Ресей, Швеция, Белоруссияның және АҚШ-тың мемлекеттік коллекцияларында, сондай-ақ Ресей, Швеция, Италия, АҚШ, Түркия, Германия елдерінде жеке коллекцияларда сақтаулы. Марат Тәжібаев РФ Суретшілер одағының және РФ Суретшілер одағының мүшесі, Халықаралық «Итер» (АҚШ) токыма бірлестігінің мүшесі. Оның әйелі де атақты суретші, гобеленші. Есімі – Зинаида Ревчук. Талантты суретшілер шартарапты шарлап, көрмелер өткізіп, жастарға дәрістер береді.

Тәжібаевпен телефон арқылы сөйлестім. Оған Роза Бағланованың інісі Ыдырыстан туған ұл екенін айтқанымда, қатты таңғалды, – дейді Қайырбай Зәкіров.

болмас еді-ау?!». Бұл – Қайрекеннің өзегін өртеген өкініші...

Дәурен ОМАРОВ.

АЛҒЫС

АУЫЛДЫҢ АЙДЫНЫН АСЫРҒАН

«Ауылын көріп, азаматын таны» дейді халық даналығы. Өткен жылы ауымызға, яғни Сырдария ауданының Шіркейлі ауылына Сейткамал Сұлтанов әкім болып сайланды. Содан бері атқарылған жұмыстарға халықтың ризашылығы шексіз. Ауылдың Мәдениет үйі көп жылдан бері жөндеу көрмей тұр еді. Былтыр республикалық бюджеттен 39 млн. теңге бөлініп, күрделі жөндеуден өтті. Гимнатария сапалы жөндеудің ауыл басшысы қалағалап, қазір жұртшылық жылы әрі жарық Мәдениет үйінің игілігін көрде.

Жақында ауыл әкімі ел алдында есеп берді. Жиналыста ауылдағы мекемелерде жұмыс істейтін қызметкерлерді алғыс хаттармен марапаттап, сый-сияпат тапсырды. Екі отбасына «Оту ТВ» тележелісін тегін орнатып берді. Ауылдықтар еңбектің бағаланғанына, қамқор пейілге дән риза. Әкімнің әр қадамына ақ батасын жаудырып отырады. Халқына жақын болған әкімнің бағасы биік болары сөзсіз.

Құлжауһар ЕСЕНҚОЖАЕВА, Шіркейлі ауылы, Сырдария ауданы.

ҚҰРМЕТТІ САТЫПАЛУШЫЛАР!

Егер Сіз банк карточкасының иесі болып табыласыз, онда Сіз келесідей тауарларды және (немесе) қызметтердің құнын төлеу кезінде «Төлемдер және төлемдерді аудару туралы» ҚР Заңында айқындалған POS-терминалы арқылы қолма-қолсыз есеп айырысу құқығын пайдалануды талап етуге құқылысыз:

Сіздің назарыңызды аударамыз! Сатушы POS-терминалы арқылы қолма-қолсыз төлем жүргізуге құқылы.

Қолма-қолсыз төлемді жүргізуден бас тарту – POS-терминалды қолдану тәртібін бұзу болып табылады және сатушының әкімшілік жауапкершілік тартуға әкеледі.

POS-терминал арқылы қолма-қолсыз есеп айырудан бас тартқан барлық фактілер бойынша мемлекеттік кірістер органдарына хабарланыз.

ҚҰРМЕТТІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІ!

Егер Сіз есепті бюджетке, төмендегідей: ЖК ретінде тіркелуге жатпайтын, жеке тұлға ретінде; патент негізінде АСР қолдану арқылы қызметін іске асыратын ЖК; ашық сауда нарқы аймағында шағын бизнес субъектілері үшін АСР аясында; шаруа немесе фермер қожалықтары үшін АСР аясында жүзеге асырғанда, осыған аталған салық режимі таралатын болса, онда ЕСКЕ САҚТАҢЫЗ!

Қазақстан Республикасының аймағында ақша есебі міндетті түрде бақылау-қасса машинасын қолдану арқылы жүргізіледі. Сатып алушы тауардың құнын төлеген соң, Салық кодексімен айқындалған тәртіпте Сіз оған бақылау-қасса машинасының чегін беруге міндеттісіз.

Чекті беруден бас тарту – бақылау-қасса машинасын қолдану тәртібін бұзу болып табылады және ӘҚБК 284-бабымен әкімшілік жауапкершілік көзделінген.

Жеке кәсіпкерлерге салынатын айыппұл көлемі 29730-дан 99100 теңгеге дейін жетуі мүмкін. Бақылау-қасса машинасының чегін барлық фактілер бойынша мемлекеттік кірістер органдарына хабарланыз.

ҚҰРМЕТТІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІ!

Бизнесті мемлекеттік тіркеу Сіз үшін мемлекеттік қолдау алу үшін мүмкіндік және Сіздің құқығыңызды және мүдденізді мемлекеттік деңгейде қорғауды қамтамасыз етеді.

Тұрақты негізде жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланатын және (немесе) ауыл шаруашылығы өнімін сауда базарларының аумағында өткізетін және (немесе) 2015 жылғы қызметтен түсетін табыс 256 368 теңгеден асатын кезде «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңымен мемлекеттік тіркеусіз қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады. Дара кәсіпкер ретінде тіркеу мемлекеттік кіріс органдарына келу тәртібімен берілген салық өтінішінің немесе «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы электрондық түрде берілген салық өтінішінің негізінде жүргізіледі.

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!

Мемлекеттік тіркеусіз кәсіпкерлік қызмет ӘҚБК 269-бабымен айқындалған, әкімшілік жауапкершілікке соқтырады.

Бір жыл ішінде қайталанған кезде салынатын айыппұл көлемі 15 856-дан 29 730 теңгеге құрайды.

Мемлекеттік тіркеусіз кәсіпкерлік қызметпен айналысудың барлық фактісі бойынша мемлекеттік кіріс органдарына хабарланыздар.

Нұрбек САҒАТУЛЫ.